

Қарабұлақ ауылындағы Қазан, Жетіген, Атаев, Абай, Малдыбаев көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 наурызда № 4899 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 29.01.2018 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1- бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылдың 29 қарашадағы № 488 ұсынысы негізінде Қарабұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ**:

1. Қарабұлақ ауылындағы Қазан, Жетіген, Атаев, Абай, Малдыбаев көшелеріндегі ірі-қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Зайсан аудандық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторына (С.Қожекенов) осы шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын .

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабұлақ ауылдық
округі әкімінің міндетін
уақытша атқарушы

Д. Бекбаев

